

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ҚР БҒМ ҒК А.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

АКИМАТ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ им. А.Х. МАРГУЛАНА КН МОН РК
АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ

«ҚАДЫРБАЕВ ОҚУЛАРЫ - 2020»

**VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

(2020 жылғы 27-28 қараша)

МАТЕРИАЛЫ

**VI МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ**

«КАДЫРБАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 2020»

(27-28 ноября 2020 года)

12. Табылдиев Х.Б. Қазақстандағы сауатсыздықты жою тарихы: тәжірибе және тағылым (1917-1941 жж) тар. ғыл. докт. дисерт авторефераты, А: 1997 ж.- 50 б.

13. Тоқаев Қ.К. Абай және XX! Ғасырдағы Қазақстан. –Астана,2020.

14. Назарбаев Н.Ә.Ұлы даланың жеті қыры. \ Егемен Қазақстан.21 қараша 2018 жыл.

1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ- ӨМІРІНДЕГІ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫҢ КЕЙБІР КӨРІНІСТЕРІ

Г.Қ. Есетова

Билік басына келген большевиктердің экономиканы әміршілдік басқаруы, еңбекті ұйымдастырудағы әскерилендірілген әдістері, революция жауларымен күресеміз деген желеумен тап күресін күшейтуі, зорлық-зомбылық әрекеттері мен бұқара халықтың қайыршылануы социалистік қоғам орнатуға дайын еместігін көрсетті. Ал бұл өз кезегінде бұқара халық пен барлық буындағы басшы қызметкерлердің бір бөлігінің қарсылығын туғызып, елдің қоғамдық-саяси өміріндегі қайшылықтарды шиеленістерді. 20-жылдардың екінші жартысында кеңестік биліктің солақай саясатына наразылық білдіргеннің қатарында С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков, Н.Нұрмақов, З.Төреғожин, А.Асылбеков, М.Ғатаулин және т.б. болды. Алайда большевиктік билік оларға «ұлтшылдар», «ауытқушылар», топшылдар және т.б. негізсіз айыптар тағып қудалауға ұшыратып отырды.

Өлкедегі қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуін, қазақстандық қайраткерлерді айыптау себептері туралы зерттеушілер: «Республикадағы ішкі саяси жағдайдың шиеленісуіне 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың бас кезіндегі БК(б)П ішіндегі троцкийшілдік оппозицияға қатысушылар мен басқа да фракция өкілдерінің Қазақстанға жер аударылуы өз әсерін тигізді. ... Соның нәтижесінде қазақстандық қызметкерлердің бір бөлігіне троцкийшілдермен және оңшылдармен байланыс жасағандары жөнінде айып тағылып, қуғын-сүргінге ұшырады», - деген пікірлер келтіреді (Қазақстан тарихы, 2010, 417 б.).

Сонымен қатар ішкі алауыздықтар және қазақстандық басшы қызметкерлердің орталықтың әлеуметтік-экономикалық саясатын сынға алуы большевиктік партияның сара бағытынан адастырған «ұлтшыл-ауытқу» деп түсіндірілді, ал жеке мәселелер бойынша олардың ортақ қимылдары мен позициялары-өлкелік партия ұйымының ішіндегі топтық күрес деп бағаланды (сонда, 417 б.). Міне осындай айыптаулармен, түрлі топтарды ұйымдастырды деген жаламен 20-жылдардың екінші жартысы мен 30-жылдардың басында С.Сейфуллин, С.Меңдешев, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев т.б. қызметтерінен алынып, тұтқындалды.

1928 жылы Қазақстанға Л.Д.Троцкийдің, кейін Л.Б.Каменевтің, Г.Ю. Пятаковтың және т.б. көрнекті саяси қайраткерлердің жер таударылып келуі

жергілікті зиялыларды қудалауды жеделдетті. «Троцкийстік ұйымның мүшелерін іздестіру» нәтижесінде Қазақстандағы көрнекті қоғам қайраткерлерінің басым көпшілігі аталған ұйыммен «астыртын байланыста болғандығы үшін» айыпталады. 1936 жылғы 7 тамыздағы «Правда» газетінде жарияланған «Уметь разпознать врага» және 7 мамыздағы «Большевиктік қырағалық» атты мақалалар «Зиновьев-Троцкийшіл топқа» қарсы бағытталады. Осылайша халыққа тәрбие беру ісінде қоса атқаратын баспасөз беттерінде «жау», «дұшпан» және т.б. жағымсыз сөздер жиі – жиі жарияланып, сөз сөйлеу мәдениеті бұзылады. Осындай мақалалар Қазақстанның түкіпір-түкіпірінен «Зиновьев-Троцкийшіл топтың» мүшелерін іздестіру жұмыстарын жеделдетті (Батыс Қазақстан тарихы, 2006, 179-180 бб.).

Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуі және елдегі түрлі топтармен күрес Қазақ өлкелік партия комитетінің басшылығына Ф.И.Голощекиннің келуімен одан әрі өрістей түсті. Себебі Қазақстанның жаңа басшысына ауылдағы ұлттық мүддені көздеп, осы бағытта жүргізілген барлық шаралар ұнамады. Оларды таптық міндеттерді шешу шараларымен ауыстыруды талап етті. Сондай-ақ «ауылда Октябрь болмаған» деп мәлімдеген жаңа басшы, ауылды кеңестендіру жұмысындағы кемшіліктер қазақ байларының әркетімен, рулық қатынастардың үстемдігінен көрді.

Ф.И.Голощекин ауылды кеңестендірудегі ең басты қарсыласы ретінде С.Сәдуақасовты атап, оны С.Қожановпен байланыстырып, Қожанов-Сәдуақасов тобы туралы аңыз ойлап шығарды. Қазақстанға келген Ф. Голощекинге о бастан-ақ С.Қожановтың ұлт мәселесіне, жерге орналастыруға және ауылды кеңестендіруге байланысты жергілікті ерекшеліктерді ескеруді ұсынған батыл пікірлері ұнамаған еді (Омарбеков Т., 2003, 60 б.).

Ф.Голощекин Қазақстан басшылығына келген кезде елде көптеген күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер өз шешімін тауып үлгермеген еді. Олардың ішінде, ең негізгісі әрине, жер мәселесі болатын. Орталық басшы ұйымдардың есебі бойынша Түркістандағы жер-су реформасы Ресей губернияларындағы, ең алдымен таптық реңк алуға тиіс болды. Ал, жергілікті кадрлардың басым бөлігі жер-су реформасын, сонымен бірге Түркістандағы революцияға дейінгі жер саясатындағы әділетсіздікті жою деп білді. Міне, осы шараны іске асыру мақсатында Жетісуға комиссия бастап барған С.Қожановтың белсенділігі жергілікті саяси мәселелерді шешудегі батылдығы, саяси қайраткер ретіндегі жергілікті халық арасындағы беделі Голощекинге ұнаған жоқ. Өйткені жауапты хатшы өмірге ең алдымен Сталиннің, орталықтың, сонан соң өзінің шешімдерін өткізуді бірінші кезекке қойды, ал жергілікті мамандардың пікірі, позициясы, ол үшін негізгі жоспарды іске асырудағы көмекші құрал есебінде еді (Қойгелдиев М., Омарбеков Т., 1993, 32 б.).

Қазақстанда жергілікті басшылар арасында Голощекинге оппонент ретінде С.Қожановтан басқа С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаевтар да болды. Олар орталықтан келген авантюристік тұжырымдарды іске асыруға кедергі болып отырды. Голощекин бұлар ұстанған бағытты зиянкесті ұлтшыл-ауытқушылық

ретінде көрсетін, оларға «қожановшылдық», «сәдуақасовшылдық», «мыңбаевшылдық» деген ат беріп, теріс қоғамдық пікір туғызуға тырысты.

30-жылдардың орта шеніне қарай орталықта және ұлттық республикаларда «троцкийшіл-зиновьевшіл оппозициямен» және «оңшыл оппортунистермен» күрестің күшеюі, көпшілігі жаза мерзімін өтеп шыққан ұлт-азаттық қозғалыстың өкілдеріне, сондай-ақ жергілікті партия-кенес қызметкерлеріне қарсы қуғын-сүргін түрінде көрініс тапты. Қазақстан Компартиясының I съезінде сөйлеген сөзінде О.Исаев партияның, Сталиннің көрсеткен жолымен жүрсек үлкен табыстарға жетеміз, бірақ оған біздегі ұлтшылдар, оңшылдар, троцкийшілдер кедергі болуда. Зиянкестер республика өмірінің барлық салаларында қаптап жүр, оларды тауып, құртуымыз керек дей келе, «Жолдастар, бұл нені көрсетеді? Троцкист оңшыл ұлтшылдар ауыз жаласып, тап дұшпандары екендіктері көрінін отыр. Олар жапон, герман фашистерінің жалдама құлы екендіктері көрініп отыр», -деп баяндады (Политические репрессии в Казахстане, 1998, С. 70).

Кенестік билік жергілікті басшыларды топтарға бөле отырып, ұлтшыл-ауытқушылар ретінде қаралап ғана қоймай, оларды «түрікшілдер», «исламшылдар» ретінде айыптай отырып, «шпиондар», «бүлдірушілер» деген ауыр айыптар тақты. Олардың қатарында Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған алаш қайраткерлерімен бірге М.Шоқай, Т.Рысқұлов және басқалар болды. Бұл 1920-1930 жылдардағы өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалдың одан әрі шиеленісуіне ықпал етті.

Осылайша әкімшіл-әкімшіл жүйе әлеуметтік-экономикалық, мәдени, шаруашылық өмірдің барлық салаларында ұлт мүддесі үшін күрескен қазақ зиялыларын түрлі жалған айыптаулар тағып, қызметтен төмендетуге, республикадан тысқары жерлерге кетуге мәжбүрлеумен ғана шектелмей, оларды қатаң жазға кесті. Жазаланғанға дейін олар халық шаруашылығының, ғылым мен мәдениеттің түрлі салаларында адал еңбек етіп, өлкенің дамуына баға жетпес үлес қосқан болатын. Бірақ қуғын-сүргін мұнымен шектелмей, соғыстан кейінгі кезеңде қайта жалғасып, ол интеллигенция өкілдеріне қарсы бағытталды.

Пайдаланған әдебиеттер мен деректер:

1. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2-том. –Ақтөбе, «Принт-А», - 2006. -524 б.

2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: Атамұра, 2010. 752 б.

3. Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? –Алматы: Ана тілі, 1993. -208 б.

4. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы: Өнер, 2003. -552 б.

5. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. Сборник документов. –Алматы: Қазақстан, 1998. –С 336.